

**Ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы кәсіптік  
біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің кезекті отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№ 2

2026 ж. 06.маусым

**Төрағалық етті:** Б.Қ. Насырханова – Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл  
шаруашылығы және ветеринария саласындағы  
кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңесінің  
төрағасы

**Қатысқандар:** Салалық кеңес мүшелері *(тізім бойынша)*.

1. Ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту туралы.

2. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіптік стандарттардың жобаларын алдын ала қарау және талқылау туралы (12 кәсіптік стандартты өзектендіру және 1 жаңа кәсіптік стандартты әзірлеу).

---

*(Насырханова, Ерғалиев, Өксікбаев, Омашев)*

1. Ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы салалық біліктілік шеңберіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.


2. Кәсіптік стандарттар жобалары бойынша салалық кеңес мүшелерінің ескертулері мен ұсыныстары назарға алынсын.

3. М.Б. Кенжегуловаға және А.О. Байтоковқа ЕРДО-мен (ЦРТР) бірлесіп кәсіптік стандарттардың жобаларын пысықтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды мүдделі мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен келісу ұйымдастырылсын.

4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық ғылым және білім департаментінің директоры - салалық кеңес төрағасының орынбасары Сұлтан Айқанға жүктелсін.

**Салалық кеңестің төрағасы**

**Салалық кеңестің хатшысы**



**Б. Насырханова**

**Н. Маташова**